

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі N 1298 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 964 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.20 № 964 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 367 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., N 16, 135-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесінде:

4-тармақтың алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"ТҚі - і-тауардың құны;
Қі - "СТ-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы қазақстандық қамтудың үлесі;

Қі = 0, "СТ-KZ" сертификаты болмаған жағдайда;"
5 - тармақта:

алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:
"ТҚі - і-тауардың құны;
Қі - "СТ-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы қазақстандық қамтудың үлесі;

Қі = 0, "СТ-KZ" сертификаты болмаған жағдайда;
он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"ЖҚj - j-шарты шеңберінде мердігер немесе қосалқы мердігер сатып алған тауарлардың жиынтық құны;"

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Rj - j-шартын орындайтын жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жалпы

қызметкерлер санында қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі";
он бесінші, он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;
6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есепті кезеңде Тапсырыс берушінің сатып алуындағы қазақстандық қамтуды
(ҚҚ) есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов